



**Бұйрық**

**Приказ**

030906 Ақтобе облысы,Ойыт ауданы,Амангелді ауылы,Бейбітшілік көшесі 25, тел:73-4-90

030906 Ақтобинская область, Уилекый район, село Амангельды, ул. Бейбитшилик 25, тел: 73-4-90

e-mail: aom\_2024@mail.ru

«31»тамыз 2024 жыл

№117

«31»август 2024 год

**Критериалды бағалау жүйесін  
енгізу және мектеп үйлестірушісін  
тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2016жылғы 21 қаңтардағы «Білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарын» №52 бұйрығын, жаңартылған білім беру мазмұнына, критериалды бағалау ережелеріне МЖМБС-2015 сәйкес және Қазақстандық жалпы білім беретін мектептер үшін жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушыны дамыту, оның оқуға қызығушылығы мен мотивациясын арттыруға бағытталған бағдарламаны іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылынан бастап 2-11 сыныптарында критериалды бағалау бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау үдерісі толық жүзеге асырылсын.
2. Мектепте оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды критериалды бағалауды оқу үдерісіне ендіруге дайындық жұмыстарын жүргізу үшін мектеп бойынша үйлестіруші болып С.Дуйсегалиева тағайындалсын.
3. Пән мұғалімдерінің лауазымдық міндеттері бекітілсін.
4. Мектеп үйлестірушісінің 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
5. Пән ерекшелігіне байланысты критериалды бағалау бойынша нормативтік құжаттарды, әдістемелік –нұсқаулықпен пән мұғалімдерін таныстыру жауапкершілігі әр пән жетекшілеріне жүктелсін. Оқушылар сабақта қойылған оқыту мақсаттарын түсінуге, оны ой елегінен өткізіп, оған қалай жету керектігін білу үшін пән мұғалімдері әр сабақ басында оқу мақсаттарын айту/көрсету мен оған жетудің критерийлерін таныстырудан бастау керек.
6. Бағалау жүйесінің мақсаты мен негізгі принциптерін ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу, тренинг, сынып сағаттарын өткізу сынып жетекшілерге жүктелсін.

7. Жиынтық бағалаудың қорытындылары, оқушыларға, ата-аналарға немесе баланың заңды өкіліне электронды «kundelik.kz» журналында ұсынылсын.
8. Оқушылардың жетістіктерін бағалау үшін БЖБ және ТЖБ оқу тапсырмалары өтілген(менгерілген) оқу мақсаттары енгізілуі тиіс. Оқыту критерийлері оқыту мақсаттарына сай тапсырмалар оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып өздігінен әзірлеу, құрастыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.
9. Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары сабақ барысында өткізіледі және басып шығаруды және одан әрі сақтауды қажет етпейді.
10. БЖБ, ТЖБ дайындау барысында мұғалімдерге қойылатын бағаты талап пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкестігі қадағалансын.
11. Үлгі ретінде ұсынылған БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын пайдалануға 2024-2025 оқу жылынан бастап, қатаң тиым салынсын.
12. Оқушылардың жиынтық жұмыстарының нәтижелерін бір оқу жылы ішінде жинау мен сақтау пән мұғалімдеріне жүктелсін.
13. Жиынтық тоқсандық бағалау жұмыстарының орындалуын қадағалау және жинақтау жауапкершілігі С.Дүйсеғалиеваға жүктелсін.
14. Бағалау рәсімдерін жүзеге асыруда мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету жауапкершілігі әдістемелік бірлестік жетекшілеріне жүктелсін.
15. Бөлім бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау кестесі жасалып бекітілсін.
16. Тоқсандық жиынтық бағалау жұмысына модерация тобы құрылсын.
17. Балл қоб мониторингі жүргізуге және электронды журналдың толтырылуын қадағалау, білім алушылардың нәтижелеріне талдау жасау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Дүйсеғалиеваға жүктелсін.
18. БЖБ бір пән бойынша тоқсан сайын үш (3) реттен артық жүргізілмейді.
19. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



Ж.Сундетов



**Бұйрық**

**Приказ**

030906 Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Амангелді ауылы, Бейбітшілік көшесі 25, тел: 73-4-90

030906 Актобинская область, Уйлекский район, село Амангельды, ул. Бейбитшилик 25, тел: 73-4-90

e-mail: aom\_2024@mail.ru

«31»тамыз 2024 жыл

№118

«31»август 2024 год

**Модерация комиссиясын құру туралы**

Токсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету мақсатында

**БҮЙЫРАМЫН:**

I. Модерация отырысының торағалары болып:

1. Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі – А. Жумағалиева
2. Бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі – С.Тлеугалиева
3. Жаратылыстану пәндер бірлестігінің жетекшісі – М.Әбдірзақ

тағайындалсын.

II. Модерация тобының мүшелері:

Пән мұғалімдері

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мен басшылық жасау оқу ісі жөніндегі орынбасар С.Дуйсегалиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры  Ж.Сундетов

